

**Мәслихаттың 2009 жылғы 21 шілдедегі № 178 "Бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 393 шешімі. Қостанай облысы Арқалық қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 13 қаңтарда № 9-3-159 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2018 жылғы 13 ақпандағы № 155 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 13.02.2018 № 155 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 422-бабының 2-тармағына сәйкес Арқалық қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың "Бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" 2009 жылғы 21 шілдедегі № 178 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-3-113 санымен тіркелген, 2009 жылғы 28 тамызда "Торғай" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арқалық қалалық мәслихатының  
кезекті XVIII сессиясының  
төрағасы

Н.Хамзин

Арқалық қалалық  
мәслихатының хатшысы

Қ.Ағуанов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы қаржы  
Министрлігінің салық комитеті  
Қостанай облысы бойынша салық  
Департаментінің Арқалық қаласы  
бойынша салық басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ Б.Алмағамбетов

**Арқалық қаласының әкімшілік аумағында қызметін  
жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айына  
салық салу объектісінің бірлігіне бірыңғай  
тіркелген салық ставкалары**

| № | Салық салу объектісінің атауы   | Бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш) |
|---|---|--|
| 1 | Бильярд үстелі  | 10   |
| 2 | Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер                                    | 1  |
| 3 | Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы                         | 1  |
| 4 | Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы | 2  |
| 5 | Ойын жолы   | 20   |
| 6 | Карт  | 6  |